

Қ.С.Мусин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: mkuat80@mail.ru)

Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеу

Мақалада Қазақстан Республикасы әскери саясатының конституциялық-құқықтық реттелу мәселелері қарастырылған. Автор әскери саясат және қауіпсіздіктің конституциялық-құқықтық нормаларының қорғау және қамтамасыз ету сұрақтарына ерекше көңіл бөлген. Сондай-ақ Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялап, әлем қауымдастығына толыққанды мүше болуына байланысты өзінің мемлекет ретінде қалыптасуын нақты жағдайда бекіту тікелей мемлекеттік саясатқа да байланысты болғаны жайлы сөз етті.

Кілт сөздер: қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, саясат, әскери саясат, әскери қауіпсіздік, конституция, норма, әскери доктрина.

Конституциялық-құқықтық нормаларды қорғау мен қамтамасыз ету мәселелері демократиялық даму мен оны нығайтудың ажырамас шарты болып табылғандықтан, оны реттеудің жолы, басты құралы ретінде конституциялық құқық институты аталады [1]. Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеу мемлекет қауіпсіздігін нақты қамтамасыз етуде айрықша маңызға ие. Әскери саясатты құқықтық реттеуді жан-жақты қарастыру әрі зерттеу қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы қарастырғанда әскери саясатты конституциялық-құқықтық реттеу мемлекеттік қауіпсіздік пен оның осы саладағы заңды реттеудің ерекше түрі ретінде заңнамалар мен халықаралық шарттарда, құқықтық әдебиеттерде байыпты қарастырылған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары отандық ғалым осы бағытта ғылыми ізденістер жасай бастады, посткеңестік кеңістікте, әсіресе Ресей ғалым-конституционалистерінің осы мәселеге қатысты ғылыми еңбектері өзіне басты назар аударады. Біздің ойымызша, оған себеп қазіргі уақытта қай мемлекетті алса да, оның құқық жүйесін жетілдіруде мемлекеттік билік тармақтары мен халық билігі арасында қандай да бір тепе-теңдікті ұстануға ұмтылу, сонымен қатар конституцияның тікелей қолданылуы конституциялық-құқықтық реттеу институтының саяси және заң тәжірибесінде өзектілігін айқындауында. Бірақ қаншама ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, оны реттеуде әлі де болса терең ғылыми ізденістер қажет. Өйткені конституциялық-құқықтық реттеу мәселесі көп қырлылығымен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеуін қарастырғанда, біріншіден, оның конституциялық құқық пен заңды реттеу жүйесіндегі орнын ашып алу керек. Конституциялық-құқықтық реттеудің конституциялық құқық жүйесіндегі орнын ашатын болсақ, ол конституциялық құқық саласының институттарының бірі ретінде кешенді сипатқа ие бола отырып, конституциялық құқықтың институттарының кейбір құқықтық нормаларын жан-жақты қамтып өтеді (мемлекет басшысы, Парламент және оның депутаттары, Үкімет және оның мүшелері, сот билігі, конституциялық кеңес, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары және т.б.).

Қазақстан Республикасы Конституциясы идеологиялық және саяси көпқырлықты жақтайды. Идеологиялық көпқырлық деп әр түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы келетін көзқарастар мен пікірлердің орын алып, әрекет етуін айтамыз.

Саяси көпқырлылық әр түрлі саяси партиялар мен ұйымдардың, сондай-ақ негізгі саяси партиялар мен ұйымдардың өзара әрекеттері мен тепе-теңдігіне негізделген билік жүйесінің өмір сүретіндігін білдіреді.

Саяси және идеологиялық көпқырлылық бір-бірімен өзара тығыз байланысты ұғым. Саясатты адамның, таптардың, көпшілік пен тұтас қоғамның санасынан, олардың мүдделерінен, қажеті мен дүниетанымынан бөліп алуға болмайды. Сондықтан идеология мен саясат бір-бірімен өте тығыз байланыста әрекет етеді. Нақты саясатты, әдетте, идеологияның қолдаушысы, тудырушысы болып табылатын саяси партиялар жүзеге асырады. Еліміздегі мемлекеттік саясат әр түрлі идеялардың қалыптасуы үдерісінде жүзеге асырылуда [2].

Еліміздің жалпы құқық жүйесінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірін кезең кезеңімен реттеу, әскери саясатты конституциялық-құқықтық реттеу әдістерін айқындау, бейімдіктен және мемлекеттік саясатты құқықтық реттеудегі мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынастарындағы мемлекеттік мүдделер басымдығынан арылуы жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес елдің құқықтық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы әскери саланы реттейтін заңнама одан әрі дамытуды міндеттейді. Атап айтқанда, қолданыстағы заңдарды кезең кезеңімен жетілдіруді, сондай-ақ қажет жағдайда қоғамды одан әрі демократияландыру талаптарына және оны әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттеріне сай келетін жаңа нормативтік-құқықтық актілер қабылдауды талап етеді [3].

Еліміз жүзеге асырып отырған құқықтық реформаның қорытындыларын талқылау нәтижесінде қоғамда Конституцияның негізінде барлық саланы, соның ішінде әскери саясатты құқықтық дамыту қажеттігі туралы пікір үстемдік алды. Қазақстан Республикасының Конституциясы қажетті құқықтық әлеуметті қамтиды. Ол оның құқықтық нормаларында ғана емес, оның құқықтық идеялары мен принциптерінде де тұжырымдалған. Конституцияның құқықтық идеялары Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет институттарын нығайтуға бағытталған заңнамалық, ұйымдық және басқа шараларда жүзеге асуға тиіс.

Мемлекеттің конституциялық идеялары заңнаманың құқық, әділеттілік, гуманизм идеяларын арқау ете түзілуінде, құқықтық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының материалдық, ұйымдық-құқықтық, саяси кепілдіктерін нығайтудың пәрменді құралдарының жасалуынан көрініс табады. Бұл оның әскери саясаты конституциялық-құқықтық реттеуде өз нәтижесін беретіні даусыз. Сонымен қатар өзінің конституциялық міндеттерін қалтқысыз орындауға тиіс әскери қызметшілердің, өзге де азаматтардың жауапкершілігін арттыру керек. Әлеуметтік мемлекет конституциялық идеясын іске асырудың аса зор маңызы бар. Бұл жұмысты бірінші кезекте жеке адамның өзін-өзі танытуы мен экономикалық еркіндігіне қажетті жағдайлар жасауға, әлеуметтік өмірдің салаларын үйлестіруге патернализмге, қоғамның жікке жарылуына, түрлі әлеуметтік топтардың бір-біріне қарсы тұруына жол бермей, көмек көрсетуге тиіс мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Бұл орайда шынайы демократиямен түп-тамыры қосылмайтын «шексіз-шетсіз демократия» идеясын қабылдауға болмайтынын мойындаған жөн. Ел халқының көп ұлттылығы, көп конфессиялылығы, Қазақстанның шекарасына жақын жерде діни экстремизмнің, терроризмнің бой көрсетуі жағдайында мемлекеттің зайырлы сипатын жете түсіну мен қорғаудың маңызы зор. Зайырлы мемлекеттің конституциялық идеялары мемлекеттік идеологияға діни ағымдардың ықпал етуіне, экстремистік діни идеялардың бой көтеруіне тосқауыл қоятындай, сонымен бірге діни бірлестіктердің конституциялық тәртіп шегіндегі қызметін шектемейтіндей заң актілері мен өзге де іс-шараларда жүзеге асуда.

Конституциядағы қоғам мен мемлекет қызметінің түбегейлі принциптері туралы айтылғандарды ескере отырып, қоғамдық келісім мен саяси тұрлаулылықты қоғамдық та, мемлекеттік те институттар қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының көпұлтты халқының достығын нығайту мен мемлекеттің тәуелсіздігін бекітуде қазақстандық патриотизм принципінің маңызы зор [4]. Оны нығайту үшін мемлекеттің, қоғамдық институттардың, отбасы мен мектептің, арнайы кәсіптік орта білім беретін орындарда, жоғары оқу орындарының бірлесіп жұмыс жасауы аса қажеттілікті талап етеді. Мұнда әскери алқашқы дайындық сабақтарында әскери саясат пен мемлекет қауіпсіздігін қорғау үшін еліміз ұстанып отырған бейбітшілік пен тату көршілік, ынтымақтастық, серіктестік туралы ұғымды жастар бойына сіңіру өз нәтижесін берері сөзсіз.

Мемлекет қызметінің түбегейлі конституциялық принципі ретінде мемлекет өмірінің барынша маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу мемлекеттік институттардың, саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, халықтың түрлі әлеуметтік жіктері мен топтарының бірлескен қызметінің негізінде мүмкін болады.

Жалпы мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру мен оған баға беру олардың жұмысының формалды-статистикалық көрсеткіштерімен шектелмеуі қажет. Бірінші кезекте әскери саясатта азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау жөніндегі жұмыстың нақты нәтижелері назарға алынуы тиіс.

Әскери саясаттағы басым бағыттар, Конституцияда аталған түбегейлі принциптер заңнамада белгілі бір дәрежеде бекітілді. Бұл үдеріс ел ішінде де, Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарында да жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайдағы қажеттіктерге сәйкес тереңдеп, кеңейіп даму үстінде.

Қазақстан Республикасының әскери саясатты конституциялық-құқықтық реттеуде әскери саладағы заңнамаларды одан әрі жетілдіру процесінде Конституцияның үстемдігі және төменгі деңгейдегі актілер нормаларының жоғарғы деңгейдегі актілерге сәйкес тұру принциптерін бұлжытпай ұстануды талап етеді.

Әскери саладағы қолданыстағы заңдар нормаларына төмендегідей шараларды жетілдіру қажет:

- әскери саясатты құқықтық реттеудегі ақаулықтарды толықтыруды және оны қоғамдық қатынастардың барынша маңызды салаларына тереңдету;
- заңдарға, соның ішінде олардың ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне сай болуына ғылыми сараптама жүргізу тәжірибесін жалғастыру және кеңейту;
- әскери саладағы заңдарды бір ізге келтіру мақсатында онда қолданылатын терминдердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бірыңғай тізбесін қалыптастыру;
- әскери қылмыстар, сыбайлас жемқорлық және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен әскери тәртіпті бұзушылықтар жасауға тікелей немесе жанама түрде жағдай туғызушы алғышарттарды анықтау мақсатында нормативтік-құқықтық актілерге криминологиялық сараптама енгізуде қазіргі заман талабына сәйкестендіру.

Әскери заңнама ауқымын жүйелеу жөніндегі жұмысты жоспарлау, құқықтық реттеуді талап ететін қоғамдық қатынастарға ғылыми талдау жүргізу қажет. Мұндай алдын ала талдау нормативтік-құқықтық актілермен реттелмеген және түрлі деңгейдегі реттеуді қажет ететін әскери қатынастар саласын айқындауға мүмкіндік береді.

Әскери заңнаманы жүйелеуде оның барлық үш нысанын пайдалану қажет. Яғни, инкорпорациялау, топтау және жинақтау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен бірге қолданыстағы әскери саладағы заңдардың толықтай іске асырылуын, соның ішінде қажет деген заңға тәуелді актілердің дер кезінде қабылдануын қамтамасыз ететін тетіктерді жетілдіру заман талабына сәйкес келіп отыр.

Елімізде демократиялық, құқықтық мемлекет құруда жоғарыдағы айтылған міндеттерді іске асыру мақсатында мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар әскери саясатты өздерінің күнделікті қызметінде назарда ұстауы, оның жүзеге асыруына жәрдемдесуі тиіс. Оның негізгі қағидалары төмендегідей:

- заңдылық, яғни Конституция мен заңдардың, оларға негізделген заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілердің нормаларын сақтап, орнымен қолдану;
- адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүддесінен жоғары жағдайын білдіретін адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;
- қайырымдылық (гуманизм), яғни адамның жеке тұлға ретіндегі жоғары құндылығын, оның еркін дамуға және қабілетін көрсетуге деген құқықтарын тану, қоғамдық қатынастар сапасына баға берудің өлшемі ретіндегі жеке адам игілігінің орнығуы;
- мемлекеттік саясатты, соның ішінде әскери саясатты, дұрыс ұғыну арқылы азаматтардың өз Отанын жан-жақты қорғауы және Отанына сүйіспеншілігі ретіндегі қазақстандық патриотизм толық дәрежеде орнығуы тиіс [5].

Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, құқықтың үстемдігі, біртұтас мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі және олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы келісе қызмет істеуі қағидаларына негізделген демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құру бағыттары әскери заңнамаларда айқын көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеуде адам құқықтарының басымдығын қоғам мен мемлекеттің мүдделерімен үйлесімді сәйкестендірген жөн.

Әскери саясатты бұл бағытта дамыту, оны халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына, халықаралық стандарттарға дәйекті түрде сәйкес келтіру қажеттілігі маңызды басқосуында (2000 ж.) қабылданған БҰҰ-ның мыңжылдық декларациясында бекітілген. Декларация мемлекеттердің, әлемдік қоғамдастықтың «демократияны қолдау және құқықтық тәртіпті нығайту» үшін күш-жігер жұмсау қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Әскери докторинасы әскери саясатты дамытудың бағытын негіздеп қоймай, сонымен бірге құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы реформалармен үйлесімділігін қамтамасыз ететіндігін айқындады [6].

Қазақстан Республикасы әскери саясатының даму мақсаттарының бірі саяси жүйені жетілдіру болып табылады. Қазіргі кезде халықтың саяси белсенділігінің заңдық нысандарының алуан түрлілігі мен мәдениетін шынайы қамтамасыз ету қажеттігінің маңызы артуда.

Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнама оның қызметінің тиімділігін және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында жетілдіруді қажет етеді.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы заңының, әскерилерді әлеуметтік қорғауды ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру, осы іс-шаралардың әділ де толық жүзеге асу рөлін нығайту және жауапкершілігін арттыруда айрықша маңызды.

Әскери басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында біртұтастық пен басқарушылық талаптарының бұлжымай орындалуы жағдайында мемлекеттік биліктің түрлі деңгейлері арасындағы қызметтер аясын, функциялары мен жауапкершіліктерін нақты ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіру әскери басқарудың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар туғызу зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай болмақ.

Еліміздегі әскери саясатты жүзеге асыруда, ел тәуелсіздігін одан әрі нығайтуды, стратегиялық маңызды объектілердің (жоғары қауіпі бар кәсіпорындардың және коммуникациялардың) қауіпсіздігін, қару мен оқ-дәрілердің сақталуын қамтамасыз етуді, мемлекеттік органдардың Қазақстан азаматтарының діни сана-сезімін радикалдандыруға жол бермеу, экстремистік идеяларға қарсы насихат жөніндегі жұмысты реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру терроризммен күрес жөніндегі жұмыстың маңызды бөлігіне айналады. Этникалық және діни экстремизм идеялары бар қауіпті материалдарға ғылыми және теологиялық сараптамаларды бір орталықтан жүргізу тетігін әзірлеу және енгізу жұмыстары жан-жақты жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеуді жүзеге асыруда ұлттық қауіпсіздік пен ел тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін саяси төзбеушіліктің алдын алуға, азаматтар бойында шыдамдылық сезімі мен мінез-құлық ұстамын, заң мойындау ғұрпын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік шаралар кешенін жетілдіру бойынша біршама жұмыстар атқарылуда. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарының жүріп-тұру заңдылығы мен қызметі, сондай-ақ шетелдегі біздің азаматтарды қорғау кепілдігі мен оларға қамқорлықты қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты саясатқа тұрақты назар аударылып келеді [7].

Әскери құқық саласындағы нормативтік-құқықтық база одан әрі жетілдіруді талап етеді. Мемлекеттің тұтастай алғандағы қорғаныс жүйесін құрудың бірыңғай кешенді-құқықтық көзқарасын қамтамасыз ету қажеттілігі туып отыр.

Еліміздің Қарулы Күштерін қолдану, әскери басқару органдарының, әскери бөлімшелердің құқықтық мәртебесін нақты белгілеу, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау саласындағы заңнамалық ақтандақтарды толықтыру мәселелерін барынша дәлдікпен пысықтау жұмыстары жүргізілуде.

Республиканың соңғы онжылдықтағы жасасқан халықаралық шарттарға байланысты әскери құқықтық саясаты Қазақстанды интеграциялық үдерістерге тартуға, Қазақстан Республикасы үшін қолайлы және экономикалық пайдалы жағын ескере отырып, әскери ұжымдық қорғанысқа байланысты және де осы салада халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты оңтайландыруға бағытталған әскери саясатты ұстануда. Осы мақсатта халықаралық шарттар жасауда біршама ұстамды көзқарас таныта отырып, қатысқан жағдайда еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігіне, халқына нақты саяси және экономикалық пайдасын тигізері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар аясындағы шарт жасасуда әскери саясаттың негізгі бағыты — халықаралық құқық қағидаларын бұлжытпай сақтау, қарусыздану, жаппай қырып-жоятын қару жарақтарды таратпау, экологиялық зардаптармен күресу, халықаралық терроризм, ұйымдасқан қылмыс, адам құқығын қорғау, адамзаттың мәдени мұраларын сақтау және т.б. халықаралық проблемаларды шешуге бағытталады.

Мемлекетаралық өзара әскери серіктестіктің тиімділігін арттыру мақсатында екі жақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық базасын құру жөніндегі жұмыстар жасалуда. Осы жұмыс ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің әскери және арнаулы органдарымен, Еуразиялық экономикалық

қоғамдастық пен Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы мемлекеттерінің тиісті құрылымдарымен бірге жүзеге асырылуда. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік қауіпсіздікке байланысты мәселелерді бірлескен әскери оқу-жаттығу шараларының мемлекетаралық бағдарламасымен және де ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің халықаралық терроризммен және лаңкестіктің өзге де көріністерімен күрес жөніндегі бағдарламасына сүйене отырып, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет мәселелеріне арналған өзге де бірлескен құжаттарын іске асыруда өзара түсіністік пен айқын мемлекеттік саясатты ұстауды талап етеді. Бұл өз кезегінде әскери саясатты құқықтық жағынан терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының әскери саясатында БҰҰ-ның қауіпсіздік саласындағы халықаралық құқықтық құжаттары мен бағдарламаларына айрықша мән беріп қатысуда. Қазақстан Республикасы қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартуы Конституцияда нақты бекітілді. Бұл мемлекетіміздің әлем қауымдастығының алдында конституция арқылы алғаш рет жариялаған шабуыл жасамау, күш қолданбау сияқты халықаралық құқық принциптерін сөзсіз қолдайтындығын танытатын мемлекеттің әскери саясат саласындағы ерікті қабылдаған шешімі.

Оның мәні БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер өздерінің халықаралық қатынастарында кез келген мемлекеттің дербес аумағына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күшпен қоқан-лоққы көрсетіп, оны қолданудан бас тартуы тиіс. Бұл принциптер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасының қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартуының конституциялық формуласы шабуыл жасамау мен күш қолданбаудың халықаралық құқық принциптерін дамытып, нақтылай түседі. Өзге мемлекеттер үшін үлгі-өнегелік қызмет атқаратын бұл формула мемлекетаралық қатынастарда шабуыл жасамауға өзін-өзі міндеттеу жолымен осы принциптердің тиімділігін арттыруды көздейтін біздің еліміздің сыртқы саясатына бағыт-бағдар сілтейді.

Еліміздің ұстанатын бұл саясаты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының Азиядағы сенімділік пен осы аймақтағы қалыптасқан мемлекеттік шекаралардың беріктігін мойындау шаралары бойынша және де қарулануға бөлінген мемлекеттік бюджеттің пайыздық қысқаруы жөнінде кеңес шақыру туралы 47 және 50-ші мерейтойлық сессияларындағы бастамасымен іс жүзіне асырылды. Мұның алдында егеменді ел болған Қазақстан өз аумағында ядролық қаруды орналастырудан ерікті түрде бас тартып, дүние жүзінде ядролық сынақтарға жаппай тыйым салуды қолға алған болатын [8].

Сонымен қатар Республиканың ТМД елдерінің ұжымдық қауіпсіздік шартына қатынасушыларының құрамына кіруі (Ташкент, 1992) конституциялық құрылымға қайшы келмейді. Қазақстанның бұл бағыттағы саяси қадамдарындағы негізгі жетістігі ретінде Ресей Федерациясымен достық, ынтымақтастық және өзара көмек жөніндегі шарты (Мәскеу, 1992) және де одан кейінгі ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімдерді атауға болады. Әскери саясатта НАТО-мен байланыс жасап, «Бейбітшілік мүддесіндегі әріптестік» бағдарламасына белсене араласады [9].

Қазақстан Республикасының қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартуы жөніндегі Конституция ережесі Қазақстандық әскери ілімнің іргетасы қызметін атқарады және Қарулы Күштердің тек қана қорғанысқа қажетті құрылысын анықтайды.

Еуропа мен Азияның сауда және көлік-коммуникациялық ағынының қиылысында тұрған Қазақстанның геосаяси жағдайы, елдің бай табиғи ресурстары халықаралық және өңірлік ынтымақтастықты дамыту саласында елеулі басымдықтар береді.

Сонымен бір уақытта табиғи ресурстарды бөлудің әрқелкілігі, дамыған және дамушы елдер арасындағы ұлғайып келе жатқан алшақтық, экономикалық өктемдік, мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылысына қағидаттардағы айырмашылықтар және жаһандандудың басқа да теріс аспектілері оларды шешу кезінде әскери және өзге де қуат құралдарының пайдаланылу мүмкіндігі мемлекетаралық қайшылықтарды шиеленістіруге ықпал етуі мүмкін.

Бүгінде Қазақстанның айналасындағы ахуал түбегейлі өзгерді. Өңірдегі жағдайды тұрақсыздандыратын және ұлттық қауіпсіздікке қатер туғызатын жаңа факторлар туындады, ол әскери қатерлердің тұрақты мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаппай қырып-жою қаруын таратудың өсіп келе жатқан қаупі, трансұлттық терроризм мен діни экстремизм, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз айналымы, этникалық және демографиялық шиеленістің өсуі, табиғи ресурстардың, ең алдымен судың тапшылығы, жекелеген өңірлерде және тұтастай әлемде экологиялық жағдайдың нашарлауы орта мерзімді даму жоспарында Қазақстанның

қауіпсіздігіне, халықаралық және өңірлік тұрақтылыққа елеулі қатер төндіретінін үнемі есімізде ұстауымыз керек.

Ядролық қаруы бар мемлекеттер және «соғысқа бейім тұратын» деп аталатын елдер санының ұлғаюы белгілі бір дәрежеде қалыптасқан халықаралық қауіпсіздік жүйесін бұза отырып, әлемде күштерді орналастыруды түбегейлі өзгертуі мүмкін. Бұл ықтимал қатерлерге қарсы іс-қимыл үшін принципті жаңа қағидаттар, оның ішінде негізгі ғаламдық күштер орталықтарымен бірлесіп қорғануды талап етеді.

Мұнда ықпал ету объектілері маңызды экономикалық және әскери орталықтар, азаматтық халық, ұлттық рәміздер болуы мүмкін, ол тек жекелеген мемлекеттердегі ғана емес, сондай-ақ тұтастай өңірдегі жағдайды тұрақсыздандыруға да әкеп соқтырады.

Яғни, қазіргі заманғы геосаяси жағдай саяси тұрақсыздықпен, экономикалық, демографиялық және әлеуметтік сипаттағы қайшылықтармен сипатталады, өзімен бірге тұрақсыздандыру қатерін әкелумен мемлекет ішінде өз зардабын тигізеді.

Осы жағдайларда бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті, тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде мемлекеттің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы түйінді мақсаттар болып табылады.

Жоғарыдағы мақсаттарға қол жеткізуде басымдық саяси шараларға және алдын алу дипломатиясына беріледі. Сонымен қатар әскери-қорғаныстық құрылымдарға сұраныс сақталып отыр. Демек, Әскери доктринаның жаңа жағдайларға бейімделу мәселесі қазіргі кезеңде өзекті болып табылады.

Еліміздегі әскери-саяси жағдайды талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлер мыналар болуы мүмкін деп болжайды.

Сыртқы саясатта:

- саяси тұрақсыздық, шекаралас елдердегі мемлекеттік институттардың жеткілікті дамымауы;
- қарулы арандатулар, Қазақстан Республикасына аумақтық кінә қоюлар;
- шетел мемлекеттері немесе ұйымдары тарапынан Қазақстан Республикасының ішкі істеріне араласу;
- Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне залал келтіруге әскери-саяси ұйымдар мен одақтар ықпалының кеңеюі;
- Қазақстан шекарасының маңында қарулы жанжалдар ошақтарының болуы;
- жекелеген мемлекеттердің жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын жасау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруы, оны шығару үшін пайдаланылатын жабдықтарды, технологиялар мен құрауыштарды, сондай-ақ қосарлы мақсаттағы технологияларды заңсыз таратуы;
- әскери қыр көрсету, Қазақстан мен оған достас мемлекеттердің шекаралары маңындағы қалыптасқан күштер теңгерімін бұзуға әкеп соқтыратын әскер топтарын өрістету;
- халықаралық радикалдық топтардың қызметі, шекаралас елдердегі діни экстремизм ұстанымының күшеюі.

Ішкі саясатта:

- конституциялық құрылысты өзгертуге бағытталған күш көрсету іс-әрекеттері;
- Қазақстан Республикасының бірлігі мен аумақтық тұтастығын, елдегі ішкі саяси тұрақтылықты бұза отырып, экстремистік, ұлттық, діни, сепаратистік және террористік қозғалыстардың құқыққа қарсы қызметі;
- мемлекеттік биліктің орталық органдарының жұмыс істеуіне іріткі салуға бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлау, дайындау және жүзеге асыру, мемлекеттік және басқа да өмірлік маңызы бар объектілерге шабуыл жасау;
- заңсыз қарулы құралымдарды құру, жаратқандыру, дайындау және олардың жұмыс істеуі;
- Қазақстан Республикасының аумағында диверсиялар, террористік актілер, өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш және басқа да құралдарды заңсыз тарату;
- Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси тұрақтылыққа қатер төндіретін ауқымдағы ұйымдасқан қылмыс, контрабандалық және өзге де заңға қарсы қызметтерді көрсетті [6].

Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған әскери саясаттың негізгі қайнар көзі Республика Конституциясы болып табылатындығына байланысты оның әлеуетін мейлінше пайдалану қажет, ал әскери саясатын анықтай отырып, Қарулы Күштерге әскери-саяси басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті — Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы жүзеге асырады. Жоғарғы Бас Қолбасшылық (Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың Ставкасы) соғыс уақытында Қарулы Күштерге басшылық жасайтын жоғары әскери-саяси орган болып табылатындығы айқын бекітілген.

Еліміздегі әскери саясатты іске асыру үшін заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау қажет.

Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеуде елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныстың бағыттылығы айқындалады. Сонымен қатар Қазақстанның кез келген мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешудің әскери емес шараларына принциптік қосылуын мәлімдеді.

Қазақстан Республикасы әскери саясатының ұстанымды ережелері әлемдегі және аймақтағы әскери-саяси жағдайдың өзгерулері, әскери қатерлердің сипаты мен мазмұны, мемлекеттің әскери ұйымдарының даму бағыттары ескеріле отырып нақтыланатын және толықтырылатын болады.

Жалпы Қазақстан Республикасы әскери саясаты Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерде, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың бағдарламалық құжаттарында ерекше назарға алынууда.

Қазақстан Республикасы өзінің халықаралық қауіпсіздікті және жалпыға ортақ бейбітшілікті қолдау, әскери жанжалдарды болдырмау мақсаттарына байланысты шараларға белсене араласуда. Бұл әскери саясаттағы барлық іс-шаралар мен бағдарламалардың жүйелілігі мен нәтижелілігін, олардың ізгі бағыттылығын айқындайды. Сондай-ақ мемлекеттің демократиялық-құқықтық дамуының әлемдік тәжірибесін Қазақстан жағдайына бейімделуіне жәрдемдесіп, республиканың әскери саласында жан-жақты дамуы процесінде туындайтын болжамды әлеуметтік, экономикалық және саяси аспектілерге қатысты мәселелерді конституциялық-құқықтық реттеу айрықша маңыздылығымен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы әскери саясатын конституциялық-құқықтық реттеуде тиімді құқық қолданудың нақты және іске асырудың ілгерілік сипаты принциптерін ұстануда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Амандықова С.К.* Стоновление доктрины конституционализма в Казахстане. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. — 440 с.
- 2 *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егеменді Қазақстан. — 2008. — 7 ақп.
- 3 *Исенгулов А.* Военная реформа в Республике Казахстан: желаемое и действительность // Время ПО. — 2001. — № 4. — С. 37–40.
- 4 *Сапарғалиев Г.* Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 544 б.
- 5 *Кемельханов А.Ж.* Военное право: Учеб. пособие. — Алматы: ТОО «Изд-во LEM», 2004. — 344 с.
- 6 Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 наурыздағы № 299 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының әскери доктринасы. — Астана, 2012.
- 7 *Сман А.* Правовое положение личности в Республике Казахстан (конституционно-правовой аспект). — Монография. — Астана: КазГЮУ, 2008. — 384 с.
- 8 *Назарбаев Н.Ә.* Сындарлы он жылдық. — Алматы: Атамұра, 2003. — 240 б.
- 9 *Рахманова Г.Б.* Проблемы национальной безопасности в Стратегии «Казахстан – 2030». — Алматы, 2000. — 153 с.

Қ.С.Мусин

Конституционно-правовое регулирование военной политики Республики Казахстан

В статье рассмотрена проблема конституционно-правового регулирования военной политики Республики Казахстан. Автором затронуты вопросы защиты и обеспечения конституционно-правовых норм в сфере военной политики и безопасности. Обосновано, что формирование Казахстана как полноценного члена мирового сообщества после обретения независимости состоялось непосредственно благодаря государственной политике.